

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 127 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қазандағы N 1029 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің "Сәулет, қала құрылысы қызметін лицензиялайтын мемлекеттік орталық (Мемқұрылыслицензия)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 127 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 5, 34-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбындағы және мәтініндегі "Экономика" деген сөз "Индустрия" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) оның жарғылық капиталының 51 пайызы мөлшеріндегі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сатуды жүзеге асыру;"

2. Осы қаулы қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі